



010000, Астана қаласы, Нұра ауданы,
Қабанбай батыр даңғылы, 19, «Б» блогы
тел.: (7172) 909260, факс: 909173
e-mail: kense@antikor.gov.kz

010000, город Астана, район Нұра,
проспект Кабанбай батыра, 19, блок «Б»
тел.: (7172) 909260, факс: 909173
e-mail: kense@antikor.gov.kz

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**
(тізім бойынша)

2024 жылғы 28 наурыздағы № ДС-139 хатқа

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (бұдан әрі – *Агенттік*) құзыреті шеңберінде Астана қаласындағы тұрғын үй кешендерін салудың проблемалық мәселесіне қатысты сұрау салуды қарап, мынаны хабарлайды.

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 1-бабына сәйкес сот ісін қарау тәртібімен қаралуға тиіс өтініштерді, арыздар мен шағымдарды басқа органның, лауазымды немесе өзге де адамдардың қарауына немесе бақылауға алуына болмайды.

Мәселен, «Азия Плюс» ТҮК проблемалық объектісі бойынша Астана қаласы Алматы ауданының прокуратурасы кіреберіс арқылы өтуге кедергі келтіретін үй-жайларды сатып алу-сату мәмілесін жарамсыз деп тану туралы сотқа талап-арыз жұмысы жүргізілуде.

Соттың 2017 жылы 16 тамыздағы шешімімен «Фемида» ТҮК зардап шеккен үлескерлер арасынан құрылған «Успешный дом» ТҚК-ға берілді. 2022 жылы 23 қазанда 2-кезектің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізуге рұқсат берілді (бірінші кезегі 02.02.2023 ж. пайдалануға берілді).

2023 жылы 31 шілдеде Астана қ. Полиция департаменті «Astana City Stroy» ЖШС директоры Е.П. Гладковқа және «Оазис–Астана» ТҚК төрағасы Д.В. Горленкоға қатысты үлескерлердің ақша қаражатын жымқыру фактісі бойынша қылмыстық іс қозғады. Ағымдағы жылы 25 қаңтарда сот-құрылыс сараптамасы тағайындалды. Ағымдағы жылы 2 наурызда объектке мөр басылып, құрылыс-монтаж жұмыстары тоқтатылды.

Осымен қатар, Астана қаласының тұрғын үй кешендерін салу саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін Агенттіктің Астана қаласы бойынша департаменті 2023 жылы «Елорда Құрылыс Компаниясы» ЖШС (бұдан әрі – *ЕҚК*) қызметінде жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау шеңберінде зерделеді.

Атап айтқанда, мердігерлерге құрылыс мерзімдерін бұзғаны үшін айыппұл санкцияларын қолданбау, жосықсыз құрылыс салушылардан түскен мүлікті сату кезінде, сондай-ақ мердігерлерді қамтамасыз етудің, шамадан тыс аванстау

арқылы артықшылық (құрылыс сомасының 50%-дан астамы) беру түріндегі жүйелі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды.

Сыртқы талдау нәтижелері бойынша ұсынымдарды орындау шеңберінде Уәкілетті ұйымының тұрғын үй құрылысының проблемалық объектілерін аяқтау тетігі бойынша іс-шараларды жүзеге асыру қағидаларына өзгерістер енгізілді (30.11.2022 ж. №505-3583):

- инвесторларды іріктеу критерийлері, сондай-ақ олардың осы критерийлерге сәйкестігін бағалау рәсімдері;
- жұмыстарды жүргізу графигі бойынша құрылыс барысын бақылауды жүзеге асыру құқығы белгіленді;
- құрылыс аяқталғаннан кейін, проблемалық объектідегі үй-жайлардың инвесторлары мен ЕҚК алатын үлестерін есептеу мен тетігі бекітілді;
- ЕҚК-нің барлық мүлкін сату процесі регламенттелген;
- жеке инвестордың инжинирингтік компаниялармен (авторлық және техникалық қадағалау, мемлекеттік сатып алуға конкурс жариялау арқылы айқындалады) таңдау, қаржыландыру және шарт жасасу құқығы алынып тасталды;
- бірлескен қызмет туралы шарт жасасқаннан кейін инвестордың салым үлесін (инвестиция) азайту жағына өзгертуге тыйым салынды, кейіннен сатып алу құқығымен ЕҚК мүлкін сенімгерлік басқаруға беруге тыйым салынды.

Құрылыс мерзімдерін бұзғаны үшін айыппұл санкцияларын қолдану бойынша шағым жұмыстары басталды және мердігерлерден аванстық төлемдерді қайтаруды қамтамасыз ету талап етілді.

Бұдан басқа, жер, сәулет және қала құрылысы заңнамаларын сақтау мәселесі Астана қаласы әкімдігінің және оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметінде жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау шеңберінде қаралды (талдамалық анықтамаға ағымдағы жылы наурыз айында қол қойылған).

Талдау барысында құрылыстың эскиздік жобаларын егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына қарсы келісу, олар бойынша бұрын өзгертуден бас тартулар, санитариялық-қорғау аймағында жер және құрылысқа рұқсат беру және т.б. фактілері анықталды.

Талдау нәтижелерімен 45 объект бойынша құрылыс салушылар сәулет, қала құрылысы, құрылыс қызметі және тұрғын үй қатынастары саласындағы құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды (ӘҚБтК-нің 316, 319, 320, 321, 463-баптары).

Сыртқы талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің мониторингімен орындалуда тұрған, бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қосымша: тізім 1 парақта.

**Төрағаның міндетін
уақытша атқарушы**

Д. Құрақбаев